«Бекітемін»
Колледж басшысы
_______ Б.Пшенова
«03» 04 2025ж.

**01120100 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша 2025-2026 оқу жылына арналған колледжде оқуға түсушілер үшін әңгімелесу түріндегі түсу емтихандарының сұрақтары және оқыту»**

1. Тәрбиеші мамандығы туралы түсінікті қалыптастыруға қандай кітаптар немесе ақпарат көздері көмектесті?
2. Сіздің ойыңызша, қазіргі уақытта мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі қандай мәселелер көп көңіл бөлуді қажет етеді?
3. Сіз үшін жақсы тәрбиеші деген кім оның тұлғалық бейнесін сипаттап беріңіз?
4. Сіздің ойыңызша , мектепке дейінгі тәрбие бала өмірінде қандай рөлі атқарады?
5. Мектепке дейінгілермен жұмыста тәрбиеші бойындағы қандай сапалық қасиеттер маңызды деп ойлайсыз?
6. Баланы оқыту мен тәрбиелеуде ата- ананың рөлі қаншалықты маңызды деп ойлайсыз?
7. Тәрбиеші 3-7 жастағы балалармен қарым- қатынас жасау және олармен жұмыс барысында қандай білік және дағдыларды меңгерген жөн деп ойлайсыз?
8. Тәрбиешінің қызметінде ең маңыздысын анықтаңыз: балалармен тез тіл табысу немесе қатаң педагогикалық әдіс тәсілдер қолдану . Қайсысы басымырақ маңызды деп ойлайсыз?
9. Сіз балабақшадағы балалардың күн режимін қызықты әрі дамытушылыққа бағыттап қалай ұйымдастырар едіңіз?
10. Бала дамуында ойынның маңыздылығы қандай және білім беру процесінде қалай қолданар едіңіз?
11. Сіздің ойыңызша, тәрбиеші болудағы ең үлкен қиындық неде?
12. Әр баламен жеке жұмыс жасау дегенді қалай түсінесіз? Өзіңіз қызмет барысында жеке жұмыс формасын қалай қолданар едіңіз?
13. Мектепке дейінгі білім беруде оқытудың жаңа технологияларын ендіру дегенге қалай қарайсыз?
14. Сіздің ойыңызща соңғы жылдары мектепке дейінгі білім беру саласында қандай өзгерістер қажет?
15. Сіз неліктен тәрбиеші мамандығын таңдадыңыз?
16. Сіздің ойыңызша тәрбиеші мектепке дейінгі балалардың бойында қандай қасиеттерін дамытуы тиіс?
17. Сіздің пікіріңізше , мектепке дейінгі тәрбиенің мақсаты ?
18. Сіздің көзқарасыңыз бойынша мектеп жасына дейінгі балаларға арналған тамаша білім беру мекемесін қалай елестетесіз?
19. Сіздің ойыңызша мектепке дейінгілерді оқыту мен тәрбиелеуде қандай әдістер маңыздырақ?
20. Мектепке дейінгілердің ойын іс әрекеті деген терминді қалай түсінесіз?
21. Мектепке дейінгі білім беру саласында оқытудың қандай технологиялары қолданылуы тиіс деп ойлайсыз?
22. Сіз балабақшада әр түрлі жастағы балалар тобының оқу іс әрекетін қалай ұйымдастырасыз?
23. Мектепке дейінгі білім беруде инклюзия саласын ендіруге қалай қарайсыз?
24. Сіз мінез құлқында ауытқушылықтары бар балалармен жұмыс жасай аласыз ба?
25. Сіз мектепке дейінгі білім беру саласында балаларды оқыту мен тәрбиелеуде эмоцияның маңыздылығын қалай түсінесіз?
26. Балалар арасындағы шиеліністі шешудің қандай жолдарын қарастыра аласыз?

Scanned with CamScanner

27. Балалардың ата аналарымен қарым қатынасты қалай ұйымдастырар едіңіз?
28. Сіздің ойыңызша тәрбиедегі басым бағыт : баланың тұлғалық дамуы немесе мектепке дайындау.
29. Мектепке дейінгі балалармен жұмыста қандай жаңашыл әдіс тәсілдерді ұсынар едіңіз?
30. Балабақшада мерекелік іс шараны қалай ұйымдастырар едіңіз? Сипаттама беріңіз?

31. Апталық жұмыста балалармен жұмыста қандай жоба немесе ұйымдастырылған іс әрекетін ұсынар едіңіз?
32. Бала өмірінде тәрбиешінің ролін қаншалықты маңызды деп ойлайсыз?
33. Тәрбиешінің негізігі функцияларының қайсысын ең маңызды деп ойлайсыз?
34. Бала тәрбиесінде тәрбиешінің жеке тұлғалық бейнесі қандай роль атқарады деп ойлайсыз?
35. Сіздің ойыңызша, жақсы тәрбиешінің бойында қандай қасиеттер болуы тиіс?
36. Тәрбиеші баланың өзіне өзі қызмет ету дағдысын дамыту процесіне әсер ете алады ма?
37. Тәрбиеші мен ата ана арасындағы байланыстың маңыздылығы неде деп ойлайсыз?
38. Қалай ойлайсыз тәрбиеші балала́рға беделді тұлға бола алады ма? Неліктен?
39. Тәрбиеші топтағы шиеленіскен мәселелерді қалай шеше алады?
40. Баланың өміріндегі бірінші жылында тәрбиеші жұмысының негізгі мақсаты қандай?

41. Сіздің ойыңызша тәрбиешінің педагогикалық ұжыммен байланысы қандай болуы тиіс?
42. Тәрбиеші балаларды білім алуға , жаңаны білуге қалай қызықтыра алады?
43. Балабақшадағы тәрбиешінің ең жақсы ұйымдастырылған бір күнін қалай елестете аласыз?
44. Бала арасындағы шиеленіс пен ашу ыза , жағымсыз мінез құлыққа тәрбиеші қалай қарау керек?
45. Тәрбиеші баланың балабақшаға тез әрі жақсы бейімделуіне қалай көмектесе алады?
46. Сіз қалай ойлайсыз тәрбиеші қатаң болу керек пе әлде оның қызметі қолдау мен түсіністікке бағытталуы тиіс пе?
47. Тәрбиеші қалай баланың шығармашылық қабілетін дамытып әрі қолдауы тиіс?
48. Тәрбиешінің командалық жұмысы оның өзге балабақшадағы тәрбиешілермен байланысының маңыздылығы неде?
49. Балаға балабақшаға келу қызықты болуы үшін тәрбиеші топтағы жағымды атмосфераны қалай жақсарта алады?
50. Тәрбиеші мамандығы қоғам үшін қаншалықты маңызды?

Оқытушы Жайлаубаева И.Ж.
Циклдік әдістемелік комиссия отырысында қаралды және мақұлданды

№ __8__ Хаттама "_28_" ___03___ 2025 г.
ЦӘК төрағасы ________________________

Scanned with CamScanner